4) қоршаған ортаға әсер етуді бағалауды орындау кезінде зерделенуі қажет, көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға елеулі теріс әсерін болғызбау, азайту, жою немесе олардан туындаған ысыраптардың орнын толтыру жөніндегі шаралар негізінде жүзеге асырылады;

5) қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу кезінде қаралуға жататын, белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсеріне мониторинг жүргізу жөніндегі шараларды қамтиды.

62. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің 71-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде бастамашыға қамту саласын айқындау туралы қорытындыны жібереді, өзінің интернет-ресурсында қорытындының көшірмесін жариялайды және оны Кодекстің 68-бабының 10-тармағына сәйкес жасалған хаттаманың көшірмесімен бірге мемлекеттік экологиялық ақпарат қорына жібереді.

### **3-параграф . Есепті дайындау тәртібі**

#### **және оның сапасын бағалау, қоршаған ортаға әсерді бағалау және оны есепке алу нәтижелері бойынша қорытынды шығару туралы**

63. Бастамашы Кодекстің 72, 240 және 241-баптарына және осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес ықтимал әсерлер туралы есепті дайындауды ұйымдастырады.

64. Ықтимал әсерлер туралы есептің жобасы бойынша Кодекстің 73-бабына сәйкес қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

65. Кодекстің 73-бабының 19-тармағына сәйкес бастамашы мен бір немесе бірнеше мүдделі мемлекеттік органдар немесе жұртшылық өкілдері арасында сараптама комиссиясының рұқсатына келіспеушіліктер шығарылған жағдайда, сараптама комиссиясы отырысының хаттамасы осы Нұсқаулыққа 8-қосымшада көзделген нысан бойынша жасалады.

66. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің 76-бабына сәйкес және осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері туралы қорытынды шығарады және бағалау нәтижесі бойынша қорытындыны мемлекеттік экологиялық ақпарат қорына жолдайды.

## ПРОЕКТ

### **4-параграф . Көзделіп отырған қызметті іске асырудың нақты әсеріне жобадан кейінгі талдау жүргізу тәртібі**

67. Жобадан кейінгі талдау Кодекстің 78-бабына сәйкес жүргізіледі.

### **6-параграф . Оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау жүргізу тәртібі**

68. Оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау Кодекске сәйкес қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын, көзделіп отырған және жүзеге асырылатын қызмет үшін жүргізіледі:

1) I және II санаттағы объектілер үшін эмиссиялар нормативтерінің жобаларын әзірлеу;

2) көзделіп отырған қызметтің жобалау құжаттамасының құрамында және III санаттағы объектілердің қоршаған ортаға әсері туралы декларацияны дайындау кезінде «қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеу кезінде жүзеге асырылады;

3) Кодекстің 87-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің 4), 6), 7), 9) тармақшаларында көзделген мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеу.

69. I және II санаттардағы объектілер үшін эмиссиялар нормативтерінің жобаларын әзірлеу кезінде жүргізілетін оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау (осы Нұсқаулықтың 66-тармағының 1) тармақшасы) «Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 22317 нөмірімен тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

70. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (осы Нұсқаулықтың 68-тармағының 2) тармақшасы) осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес әзірленеді.

71. I және II санаттағы объектілерге арналған жобалау құжаттамасының құрамындағы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, эмиссиялар нормативтерінің жобалары операторларға мемлекеттік экологиялық сараптаманың жекелеген қорытындыларын бермей, экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шеңберінде жүргізілетін міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

72. III санаттағы объектілерге арналған жобалау құжаттамасының құрамындағы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі операторға осындай сараптаманың қорытындысын бере отырып, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтеді.

73. IV санаттағы объектілерге арналған жобалау құжаттамасының құрамындағы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, егер мұндай сараптама

## ПРОЕКТ

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес міндетті болса, жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы шеңберінде жобаларды экологиялық бағалаудан өтеді.

### 5-тарау. Траншекаралық әсерлерді бағалау

74. Қазақстан Республикасы шығу Тарабы болған жағдайларда трансшекаралық әсерлерді бағалау Кодекстің 80-82-баптарына сәйкес жүргізіледі.

75. Қазақстан Республикасы шет мемлекеттің қызметін жоспарлау немесе іске асырылуы Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаға елеулі теріс трансшекаралық әсер етуі мүмкін құжатты әзірлеу туралы хабарламасын алған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің 84-бабының 2-тармағына сәйкес жұртшылықты хабардар етеді.

76. Жұртшылықты Кодекстің 84-бабының 2-тармағында көзделген өз ескертулері мен ұсыныстарын беруге шақыру мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

1) жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қабылданатын пошталық мекенжайы және электрондық поштасының мекенжайы;

2) жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстарын қабылдау мерзімдері;

3) мүдделі жұртшылықтың ескертулерін қабылдауға, сондай-ақ трансшекаралық әсерлерді бағалауға қатысты мәселелер бойынша оған ақпарат беруге жауапты уәкілетті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), пошталық мекенжайы, электрондық поштасының мекенжайы және жұмыс телефоны көрсетіледі.

77. Кодекстің 84-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда, шығу мемлекетінің трансшекаралық әсерлерге бағалау жүргізу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпаратты алған күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде уәкілетті орган бұл туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында жариялайды және оны ішінара немесе толық қозғалатын аумақтарда орналасқан облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

78. Траншекаралық әсерді бағалау басталғаннан кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган трансшекаралық әсерді бағалау жүргізілетіні туралы жұртшылықты және қозғалатын аумақтарда жартылай және толық орналасқан облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарды мынадай тәртіппен хабардар етеді:

1) шығу тарапымен трансшекаралық консультациялар өткізу тәртібін келісу туралы ақпарат алған күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді және өзінің интернет-ресурсында жұртшылықтың және мүдделі мемлекеттік органдардың ескертпелері мен ұсыныстарын қабылдау үшін трансшекаралық консультациялар өткізу

## ПРОЕКТ

мерзімдерін, сондай-ақ электрондық және пошталық мекенжайларды және оларды қабылдау мерзімдерін көрсете отырып, трансшекаралық консультациялар жүргізу туралы ақпаратты жариялайды;

2) шығу тарапымен шығу тарапының аумағындағы қоғамдық тыңдауларға жұртшылықтың және Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының қатысуы туралы келісімге қол жеткізілген жағдайда, уәкілетті орган осындай келісім туралы ақпаратты алған күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді және шығу тарапымен келісілген қоғамдық тыңдауларды өткізудің барлық шарттары туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

79. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – 78-тармақта көрсетілген шақыруды және осы Нұсқаулықтың 79 және 80-тармақтарында көрсетілген ақпаратты кемінде қозғалатын аумақта таратылатын кемінде бір бұқаралық ақпарат құралында (мерзімді баспасөз басылымында, теле-немесе радиоарнада), сондай-ақ әлеуметтік желілердегі өзінің барлық ресми парақшасында жариялауды қосымша қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган осы Нұсқаулықтың 77-тармағында көзделген хабарламаны алу туралы, шығу мемлекетінің трансшекаралық әсерлерге бағалау жүргізу туралы шешім қабылдауы туралы ақпаратты алған күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес ақпараттың жариялануын қамтамасыз етеді, шығу тарапымен трансшекаралық консультациялар өткізу тәртібін келісу туралы немесе шығу тарапымен шығу тарапының аумағындағы қоғамдық тыңдауларға Қазақстан Республикасының жұртшылығы мен мүдделі мемлекеттік органдарының қатысуы туралы келісімге қол жеткізу туралы.

80. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жұртшылық пен мүдделі мемлекеттік органдардың осы Нұсқаулыққа сәйкес белгіленген мерзімде, шығу тарапымен келісілген тәртіппен келіп түскен барлық ескертулері мен ұсыныстарын жинауды қамтамасыз етеді.

81. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында жариялайды және шығу тарапымен консультациялардың нәтижелері туралы ақпаратты және трансшекаралық консультациялар барысында одан алынған құжаттарды осындай ақпарат пен құжаттарды алған күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

**Экологиялық бағалауды  
ұйымдастыру және  
өткізу жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша**

**Нысаны**

# ПРОЕКТ

## Өтініш

### құжаттың әсер ету скринингін жүргізу және(немесе) стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің қамту саласын айқындау туралы

Әзірлеуші-мемлекеттік органның атауы: \_\_\_\_\_

Құжаттың атауы: \_\_\_\_\_

Өтініш беру мақсаты (қажеттісін таңдау: құжаттың әсеріне скрининг жүргізу, стратегиялық экологиялық бағалау бойынша есептің қамту саласын анықтау, құжаттың әсеріне скрининг жүргізу және стратегиялық экологиялық бағалау бойынша есептің қамту саласын анықтау): \_\_\_\_\_

Құжаттың әсер ету скринингін жүргізу және стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің қамту саласын айқындау үшін қажетті мәліметтер:

1. Құжатты іске асыру жоспарланған аумақтың сипаттамасы:

1) аумақтың орналасқан жері және оның шекарасы: \_\_\_\_\_;

2) аумақ шегінде орналасқан елді мекендер және олардың халық саны: \_\_\_\_\_.

2. Құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және (немесе) халық денсаулығына әлеуетті әсерінің жалпы сипаттамасы:

1) қызметтің орнын, түрін, ауқымын, жағдайларын, табиғи ресурстардың болуын және оларды пайдалану жағдайларын ескере отырып, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсер етуге қабілетті кәсіпкерлік немесе өзге де қызмет үшін құжат жасайтын немесе өзгертетін (шектейтін, тоқтататын) мүмкіндіктер туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

2) Осы құжаттың өзге құжаттарды (қолданыстағы және әзірленетін құжаттарды қоса алғанда) іске асыруға әсер ету дәрежесі туралы мәліметтер): \_\_\_\_\_

3) құжатты іске асыру орнықты дамуға қол жеткізуге, оның ішінде: табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қол жеткізу \_\_\_\_\_

экологиялық залалдың алдын алу \_\_\_\_\_

демографиялық ахуалды жақсарту \_\_\_\_\_

климаттың өзгеруіне бейімделу \_\_\_\_\_

халықтың денсаулығын жақсарту \_\_\_\_\_

орнықты дамудың экологиялық негіздерін қолдауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді шешу (Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 4-бабы) \_\_\_\_\_.

4) құжатты іске асырудың экологиялық зардаптарының түрлері және олардың ерекшеліктері: туындау ықтималдығы, ұзақтығы, жиілігі,

## ПРОЕКТ

қайтымдылығы, кумулятивтік сипаты туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

5) қоршаған ортаға (қозғалатын аумақ және қозғалатын халық саны) әсер етудің шамасы және кеңістіктік ұзындығы туралы мәліметтер): \_\_\_\_\_

6) құжатты іске асырудың ықтимал трансшекаралық экологиялық салдары, олардың болжамды дәрежесі мен ауқымы туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

7) қоршаған орта мен халықтың денсаулығы үшін құжатты іске асыру нәтижесінде құрылуы немесе күшейтілуі мүмкін тәуекелдер туралы мәліметтер (қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына жанама әсер ету тәуекелдерін қоса алғанда, бұрын ядролық қару сынақтары өткізілген жерді, әскери полигондардың, аумақтың, акваторияның немесе олардың учаскелерінің әсеріне ұшыраған жерді қоса алғанда, осал аумақтарға немесе акваторияларға құжатты іске асыру әсерінің салдарынан туындауы мүмкін жанама (қайталама) факторлардан туындаған қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына, тарихи ластану объектілері орналасқан): \_\_\_\_\_

8) құжатты ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесімен байланысты экологиялық желі элементтері, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің табиғи ареалдары, жануарлардың өріс аудару жолдары, тарихи-мәдени мұра объектілері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер, мемлекеттік орман қоры үшін іске асырудың ықтимал салдарларының дәрежесі мен сипаты туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

9) бұрын стратегиялық экологиялық бағалау жүргізілмеген не жүргізілген, бірақ оны іске асырудың барлық ықтимал экологиялық салдарын жеткілікті зерделеуді қамтамасыз етпеген құжатты іске асырудың ықтимал экологиялық салдарын бағалау қажеттігі туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

10) әзірленіп жатқан құжаттың биоәртүрлілікке ықтимал теріс әсерлері туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

11) биоәртүрлілікке теріс әсерлерді болдырмау, азайту, осындай әсерлердің салдарын жұмсарту, биоәртүрліліктің ысырабын өтеу жөніндегі іс-шаралар туралы мәліметтер (жоспарланған іс-шаралар туралы не стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті жасау кезінде оларды таңдау қажеттігі туралы мәліметтер ұсынылады): \_\_\_\_\_

12) биоәртүрліліктің ысырабына жүргізілген бағалау туралы (бағалау нәтижелерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып) не стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті жасау кезінде оны жүргізу қажеттігі туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

## ПРОЕКТ

13) қоршаған ортаны қорғаудың өзге де объектілеріне және халық денсаулығына құжатты іске асырудың теріс әсерлерін болғызбау, азайту, жұмсарту, жою жөнінде негізгі болжанатын шешімдер (стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті жасау кезінде жоспарланған шешімдер туралы не оларды таңдау қажеттігі туралы мәліметтер ұсынылады):

---

3. Мүдделі жұртшылық туралы мәліметтер:

---

Стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің қамту саласын айқындау үшін қажетті қосымша мәліметтер:

4. Биологиялық әртүрлілікке әсер етуді қоса алғанда, стратегиялық экологиялық бағалау барысында зерттеуге жоспарланған қоршаған ортаға және адам денсаулығына құжатты іске асырудың болжамды елеулі әсерлері туралы мәліметтер, сондай-ақ зерттеу әдістері:

---

5. Стратегиялық экологиялық бағалау барысында жүргізу жоспарланған базалық зерттеулер, олардың әдістері мен өлшемдері туралы мәліметтер:

---

6. Стратегиялық экологиялық бағалау барысында зерделеуге жоспарланған қоршаған орта мен халық денсаулығына құжатты іске асырудың болжамды елеулі теріс әсерлерін болдырмау, барынша азайту және (немесе) өтеу жөніндегі шаралар туралы мәліметтер (биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі шараларды қоса алғанда):

---

7. Стратегиялық экологиялық бағалау барысында қарауға жоспарланған құжатқа енгізілуі мүмкін шешімдердің баламалы нұсқалары туралы мәліметтер:

---

8. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі: \_\_\_\_\_

Әзірлеуші мемлекеттік органның басшысы (өзге уәкілетті тұлға):

---

(қолы, тегі және аты-жөні).

Мөр орны:

Қосымшалар: \_\_\_\_\_



# ПРОЕКТ

Экологиялық бағалауды  
ұйымдастыру және  
өткізу жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

Нысаны

## жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарландыру

---

(әзірлеуші мемлекеттік органның немесе уәкілетті органның атауы)  
әсер ету скринингін және (немесе) қамту саласын анықтауды,  
стратегиялық экологиялық бағалау бойынша есептің сапасын бағалауды жүргізу  
туралы хабарлайды (керегін таңдау)

---

(мемлекеттік бағдарламаның, аумақты дамыту бағдарламасының, елді мекеннің бас жоспарының атауы) (бұдан әрі – «Құжат») және жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) мынадай мәселелер бойынша өз ескертпелері мен ұсыныстарын айтуға (керегін таңдауға) шақырады):

1) құжатты жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ете ала ма, егер солай болса, ол қандай әсер етеді және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) құжат бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халық денсаулығына қандай әсерді зерделеу қажет және неге?

3) стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепте құжатты іске асырудың қоршаған орта мен халық денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы сізді қызықтыратын барлық ақпарат жария етілген бе? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) сізде құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Сіз өз ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды келесіге енгізе аласыз

---

(әзірлеуші мемлекеттік органның немесе уәкілетті органның атауы)  
МДҰ \_\_\_\_\_ (күні) жазбаша  
нысанда \_\_\_\_\_ немесе электрондық  
мекенжай бойынша: \_\_\_\_\_.

## ПРОЕКТ

Әзірлеуші мемлекеттік орган немесе жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстарын қабылдауға жауапты уәкілетті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), Лауазымы, Жұмыс телефоны:

---

Әзірлеуші мемлекеттік орган немесе уәкілетті орган жоғарыда көрсетілген мерзімде алған барлық ескертулер мен ұсыныстар (қажеттісін таңдау) қарауға жатады.

Құжат туралы ақпаратпен мына жерде танысуға болады: \_\_\_\_\_ (құжаттың жобасы жарияланған интернет-ресурстарға сілтеме, құжаттың әсер ету скринингін жүргізу және(немесе) қамту саласын айқындау туралы өтініш, құжаттың тұжырымдамасы, ықтимал әсер ету туралы есеп).

# ПРОЕКТ

Экологиялық бағалауды  
ұйымдастыру және  
өткізу жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## Мүдделі мемлекеттік органдармен консультациялар хаттамасы

Хаттаманың жасалған күні: \_\_\_\_\_

Хаттама жасалған орын: \_\_\_\_\_

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы:

\_\_\_\_\_

Консультациялар өткізілген мемлекеттік бағдарламаның, аумақты дамыту бағдарламасының, елді мекеннің бас жоспарының атауы:

\_\_\_\_\_

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: \_\_\_\_\_

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: \_\_\_\_\_

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту немесе ұсыныс	Ескертуді немесе ұсынысты есепке алу туралы немесе оны қабылдамау себептері туралы мәліметтер

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган басшысының немесе өзге де уәкілетті тұлғаның қолы, тегі, аты-жөні

Мөр орны

# ПРОЕКТ

Экологиялық бағалауды  
ұйымдастыру және  
өткізу жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

## Жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары жөніндегі анықтама

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы:

Анықтаманы жасау күні: \_\_\_\_\_

Анықтаманы жасау орны: \_\_\_\_\_

Мемлекеттік бағдарламаның, аумақты дамыту бағдарламасының,  
елді мекеннің бас жоспарының атауы:

Ескертулер мен ұсыныстар сұратылатын құжаттар мен ақпараттың  
жарияланған күні: \_\_\_\_\_

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстарын қабылдау мерзімі:  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ дейін « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_.

### Жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Ескерту немесе ұсыныс берген тұлға	Ескерту немесе ұсыныс берген тұлға	Ескертуді немесе ұсынысты есепке алу туралы немесе оны қабылдамау себебі туралы мәліметтер

Басшының немесе өзге де уәкілетті тұлғаның қолы, тегі, аты-жөні

Мөр орны

# ПРОЕКТ

Экологиялық бағалауды  
ұйымдастыру және  
өткізу жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

## **Құжаттардың әсер ету скринингі критерийлерін қолдану тәртібі**

1. Скрининг жүргізу кезінде құжат оның Кодекстің 55-бабының 3-тармағында көрсетілген әрбір критерийге сәйкестігі тұрғысынан қаралады.

Әрбір критерийдің мазмұны осы Қосымшаның 2-11-тармақтарында ашылады.

2. «Қоршаған ортаға әсер етумен байланысты тәуекелдерді есепке алу және құжаттың орнықты дамуға жәрдемдесу мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттілігі тұрғысынан құжаттың өзектілігі» критерийі құжатты іске асыру, оның ішінде орнықты дамуға қол жеткізуге ықпал етуі, кедергі келтіруі немесе өзге де түрде әсер етуі мүмкін екенін білдіреді.:

табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қол жеткізу;

қалдықсыз өндірістерді, циркулярлық экономиканы енгізу;

экологиялық залалдың алдын алу;

демографиялық ахуалды жақсарту;

климаттың өзгеруіне бейімделу;

халықтың денсаулығын жақсарту;

орнықты дамудың экологиялық негіздерін қолдауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді шешу (Кодекстің 4-бабы).

3. «Қызметтің орнын, түрін, ауқымын, жағдайларын, табиғи ресурстардың бар-жоғын және оларды пайдалану жағдайларын ескере отырып, құжатта белгіленетін қызмет түрлерін іске асыру мүмкіндіктері» критерийі құжатты іске асыру табиғи немесе өзге де материалдық ресурстарды бөлу, аумақтарда құрылыс салу үшін жағдайлар жасайтынын, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсер етуге қабілетті кәсіпкерлік немесе өзге де қызметті жүзеге асыру шарттарын жасайтынын, өзгертетінін (жақсартатынын, нашарлататынын, шектелетінін, қайта құрылатынын), тоқтататынын білдіреді.

4. «Осы құжаттың өзге құжаттарды іске асыруға ықпал ету дәрежесі» критерийі құжатты іске асыру басқа құжаттардың және олармен байланысты мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзге де құжаттарының мақсаттарына,

## ПРОЕКТ

міндеттеріне, нысаналы индикаторларына, іске асыру көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етуі мүмкін екенін білдіреді.

5. «Құжатты іске асыруға негізделген экологиялық тәуекелдер, оның ішінде халық денсаулығына әсер ету тұрғысынан» критерийі құжатты іске асыру экологиялық проблемаларды шешуге ықпал ете алатынын не оларды: қоршаған ортаға және халық денсаулығына теріс антропогендік әсердің күшеюіне; жаңа әсерлердің пайда болуына; қоршаған орта мен халық денсаулығы үшін, оның ішінде табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдеріне байланысты тәуекелдердің артуына алып келуі (күшейтуі) мүмкін екенін білдіреді.

6. «Қазақстан Республикасы заңнамасының және оның халықаралық міндеттемелерінің талаптарын орындау тұрғысынан құжаттың өзектілігі» критерийі құжатты іске асыру Қазақстан Республикасы заңнамасының және оның халықаралық міндеттемелерінің орындалуына ықпал етуі не оларды орындау үшін кедергілер немесе қиындықтар тудыруы мүмкін» дегенді білдіреді.

7. Құжатты іске асырудың қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерінің бұзылуына, табиғи орта компоненттерінің, биоәртүрліліктің, генофондтың және тірі организмдердің генетикалық ресурстарының, табиғи және табиғи-антропогендік объектілердің жай-күйінің нашарлауына алып келуі мүмкін-келмейтінін анықтау үшін «ықтимал салдарлардың ықтималдығы, ұзақтығы, жиілігі және қайтымдылығы, салдарлардың кумулятивтік сипаты, әсердің шамасы және кеңістіктік ұзақтығы (географиялық аудан және қозғалатын халық саны) сияқты құжатты іске асырудың экологиялық салдарларының ерекшеліктері» критерийі қолданылады, халықтың өмір сүру жағдайының және оның денсаулығының нашарлауы.

8. «Құжатты іске асыру кезіндегі салдарлардың трансшекаралық сипаты» критерийі қозғалатын аумақтың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына жақын болуына және (немесе) қоршаған орта мен халық денсаулығына болжамды теріс әсер ету ерекшеліктеріне байланысты құжатты іске асыру қоршаған ортаға немесе халық денсаулығына трансшекаралық әсер етуге әкеп соғуы мүмкін екенін білдіреді.

9. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесімен байланысты экологиялық желі элементтері, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің табиғи ареалдары, тарихи-

## ПРОЕКТ

мәдени мұра объектілері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер үшін құжатты іске асырудың ықтимал салдарларының дәрежесі мен сипаты» критерийі құжатты іске асыру аталған жерлердің, аумақтардың, объектілердің құқықтық режимін бұзуға, оларды қорғауға немесе пайдалануға кедергі жасау немесе оларға экологиялық зиян келтіруге ықпал ету.

10. «Бұрын стратегиялық экологиялық бағалау жүргізілмеген не жүргізілген, бірақ құжатты іске асырудың барлық ықтимал экологиялық салдарларын жеткілікті зерделеуді қамтамасыз етпеген құжаттың ықтимал экологиялық салдарларын бағалау қажеттілігі» критерийі құжатты іске асыру нәтижесінде бұрын бағалау нысанасы болмаған экологиялық салдарлар көрінгенін немесе туындауы мүмкін, жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін не олардың алдын алу, жою, азайту жөніндегі шаралар және өтемақылар жеткілікті түрде тиімді болмағанын білдіреді.

11. «Бұрын стратегиялық экологиялық бағалау жүргізілген құжаттың ұсынылып отырған өзгерістерінің сипаты» критерийі құжаттың ұсынылып отырған өзгерістері оны іске асырудың экологиялық салдарына қалай әсер ететінін айқындау мақсатында және осы қосымшаның 2-10-тармақтарында көрсетілген өлшемшарттар негізінде құжатты іске асырудың экологиялық салдарының маңыздылығы туралы тұжырымдарға қолданылады.

12. Егер мынадай мән-жайлардың кез келгені болса, стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу міндетті деп танылады:

1) құжат критерийдің кез келгеніне сәйкес келеді және бұл қоршаған орта үшін жағымсыз салдарларға әкеп соғуы немесе оларды күшейтуі, қоршаған ортаны қорғау, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау үшін кедергілер жасауы мүмкін;

2) құжат критерийлердің кез келгеніне сәйкес келеді және құжатты стратегиялық экологиялық бағалау құжатты іске асырудың теріс экологиялық салдарларын болғызбауға немесе азайтуға әкеп соғуы, қоршаған ортаны қорғауға, орнықты дамуға, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерді орындауы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етуі мүмкін екені жоққа шығарылмайды;

3) құжат критерийлердің кез-келгеніне сәйкес келеді, бірақ құжатты іске асырудың ықтимал экологиялық салдары белгісіз, сондықтан оларды анықтау, зерттеу және бағалау қажет.

# ПРОЕКТ

## Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа 6-қосымша

Өтінішке қол қойылған күн  
Өтінішке қол қою орны

### Көзделіп отырған қызмет туралы өтініш (нысан)

1. Белгіленген қызметтің бастамашысы туралы мәліметтер:  
жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жерінің мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі, телефоны, электрондық поштасының мекенжайы;  
заңды тұлға үшін: атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, бірінші басшы туралы деректер, телефоны, электрондық поштасының мекенжайы.
2. Көзделіп отырған қызмет түрлерінің жалпы сипаттамасы және оларды Кодекстің 1-қосымшасына сәйкес жіктеу.
3. Қызмет түрлеріне елеулі өзгерістер енгізілген жағдайларда:  
бұрын қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізілген объектілердің қызмет түрлеріне және (немесе) қызметіне елеулі өзгерістердің сипаттамасы (Кодекстің 65-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы);  
өздеріне қатысты бұрын көзделіп отырған қызметтің әсер ету скринингінің нәтижелері туралы қорытынды берілген объектілердің қызмет түрлеріне және (немесе) қызметіне қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізу қажеттілігінің жоқтығы туралы қорытындымен елеулі өзгерістердің сипаттамасы (Кодекстің 65-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы).
4. Жоспарланып отырған объектіні орналастырудың ахуалдық схемасын қоса бере отырып, көзделіп отырған қызметті жүзеге асырудың болжамды орны туралы мәліметтер; орын таңдауды және басқа орындарды таңдау мүмкіндіктерін негіздеу.
5. Объектінің қуатын (өнімділігін), оның болжамды мөлшерін, өнімнің сипаттамасын қоса алғанда, көзделіп отырған қызметтің жалпы болжамды техникалық сипаттамалары.
6. Көзделіп отырған қызмет үшін болжанатын техникалық және технологиялық шешімдердің қысқаша сипаттамасы.



## ПРОЕКТ

7. Белгіленіп отырған қызметті іске асыруды бастаудың және оны аяқтаудың болжамды мерзімдері (объектіні салуды, пайдалануды және кейіннен кәдеге жаратуды қоса алғанда).

8. Объектілерді салуды, пайдалануды және кейіннен кәдеге жаратуды қоса алғанда, белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстар түрлерінің сипаттамасы (белгіленіп отырған сапалық және ең жоғары сандық сипаттамаларды, сондай-ақ оларды пайдалану болжанып отырған операцияларды көрсете отырып):

1) жер учаскелерін, олардың алаңдарын, нысаналы мақсатын, болжамды пайдалану мерзімдерін айқындайды;

2) су ресурстарын:

сумен жабдықтаудың болжамды көзі (орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелері, орталықтандырылмаған сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын су объектілері, тасымалданатын су), су қорғау аймақтары мен белдеулерінің болуы туралы, болмаған кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды белгілеу қажеттігі туралы, ал болған кезде – көзделіп отырған қызметке қатысты олар үшін белгіленген тыйым салулар мен шектеулер туралы мәліметтер;

су пайдалану түрлері (жалпы, арнайы, оқшауланған), қажетті судың сапасы (ауыз су, ауыз су емес);

суды тұтыну көлемі;

су ресурстарын пайдалану жоспарланатын операциялар;

3) жер қойнауын пайдалану құқығының түрі мен мерзімдері көрсетілген жер қойнауы учаскелері, олардың географиялық координаттары (егер олар белгілі болса);

4) өсімдік ресурстарының түрлері, көлемі, сатып алу көздері (оның ішінде егер оларды қоршаған ортада жинау жоспарланса, оларды дайындау орындары) және пайдалану мерзімдері, сондай-ақ көзделіп отырған қызметті жүзеге асыратын жерде жасыл екпелердің болуы немесе болмауы, оларды кесу немесе көшіру қажеттігі, кесілуге немесе көшірілуге жататын жасыл екпелердің саны, сондай-ақ өтем тәртібімен отырғызылуы жоспарланған жасыл екпелердің мөлшері туралы мәліметтер көрсетілген;

5) жануарлар дүниесі объектілерінің түрлерін, олардың бөліктерін, дериваттарын, жануарлардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік ету өнімдерін:

жануарлар дүниесін пайдалану көлемі;

жануарлар дүниесін пайдаланудың болжамды орны және пайдалану түрі;

жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктерін, дериваттары мен жануарлардың тіршілік ету өнімдерін сатып алудың өзге де көздерін сатып алу;

жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану жоспарланатын операциялар;

6) сатып алу көзін, пайдалану көлемдері мен мерзімдерін көрсете отырып, көзделіп отырған қызметті (материалдарды, шикізатты, бұйымдарды, электр және жылу энергиясын) жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ресурстарды;

## ПРОЕКТ

7) пайдаланылатын табиғи ресурстардың тапшылығына, бірегейлігіне және(немесе) жаңартылмайтындығына байланысты олардың сарқылу тәуекелі жатады.

9. Атмосфераға ластаушы заттардың күтілетін шығарындыларының сипаттамасы: ластаушы заттардың атаулары, олардың қауіптілік сыныптары, шығарындылардың болжамды көлемі, уәкілетті орган бекіткен ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне (бұдан әрі – ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін жүргізу қағидалары) сәйкес деректері ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне енгізілуге жататын ластауыштардың тізбесіне кіретін заттар туралы мәліметтер.

10. Ластаушы заттар төгінділерінің сипаттамасы: ластаушы заттардың атаулары, олардың қауіптілік сыныптары, төгінділердің болжамды көлемдері, ластауыштардың тізбесіне кіретін, олар бойынша деректер ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін жүргізу қағидаларына сәйкес ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне енгізілуге жататын заттар туралы мәліметтер.

11. Басқару белгіленіп отырған қызметке жататын қалдықтардың сипаттамасы: қалдықтардың атауы, олардың түрлері, болжанатын көлемдері, нәтижесінде олар түзілетін операциялар, ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін жүргізу қағидаларында қалдықтарды тасымалдау үшін белгіленген шекті мәндерден асып кету мүмкіндігінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер.

12. Белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру үшін болуы мүмкін рұқсаттардың және осындай рұқсаттарды беру құзыретіне кіретін мемлекеттік органдардың тізбесі.

13. Экологиялық нормативтермен немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерімен, ал олар болмаған кезде – гигиеналық нормативтермен салыстыра отырып, көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру болжанатын аумақтағы және (немесе) акваториядағы қоршаған орта компоненттерінің ағымдағы жай-күйінің қысқаша сипаттамасы; егер бастамашыда осындай болса, фондық зерттеулердің нәтижелері; далалық зерттеулер жүргізу қажеттілігі немесе қажеттілігінің жоқтығы туралы қорытынды (фондық зерттеулер нәтижелері болмаған немесе жеткіліксіз болған, көзделіп отырған қызметті жүзеге асыратын жерде тарихи ластану объектілерін, бұрынғы әскери полигондарды және басқа да объектілерді қоса алғанда, қоршаған ортаға әсері зерттелмеген немесе жеткілікті зерттелмеген объектілердің болуы).

14. Белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде қоршаған ортаға теріс және оң әсер етудің ықтимал нысандарының сипаттамасы, олардың ықтималдығы, ұзақтығы, жиілігі мен қайтымдылығы ескеріле отырып, олардың сипаты мен күтілетін ауқымы, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2008 жылғы 20 қарашадағы бұйрығымен

## ПРОЕКТ

бекітілген экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес олардың мәнділігін алдын ала бағалау \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде \_\_\_\_\_ нөмірімен тіркелген).

15. Қоршаған ортаға трансшекаралық әсер етудің ықтимал нысандарының сипаттамасы, олардың ықтималдығы, ұзақтығы, жиілігі мен қайтымдылығын ескере отырып, олардың сипаты мен күтілетін ауқымы.

16. Қоршаған ортаға қолайсыз әсер етудің ықтимал нысандарының алдын алу, болдырмау және азайту жөніндегі, сондай-ақ оның салдарын жою жөніндегі ұсынылатын шаралар.

17. Көрсетілген белгіленіп отырған қызметтің мақсаттарына қол жеткізудің ықтимал баламаларының және оны жүзеге асыру нұсқаларының сипаттамасы (баламалы техникалық және технологиялық шешімдерді және объектінің орналасқан жерін пайдалануды қоса алғанда).

Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының басшысы (өзге уәкілетті тұлға)

---

қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қосымшалар (өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар):

---

# ПРОЕКТ

## Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа 7-қосымша

### **Қамту саласын айқындау туралы қорытындының мазмұнын ескере отырып, ықтимал әсерлер туралы есепке енгізуге жататын ақпарат**

1. Оған қатысты есеп жасалған белгіленіп отырған қызметтің сипаттамасы:

1) белгіленіп отырған қызметті жүзеге асырудың болжамды орнының сипаттамасы, оның векторлық файлдары бар геоақпараттық жүйеге сәйкес айқындалған координаттары;

2) есепті жасау кезінде көзделіп отырған қызметті жүзеге асырудың болжамды орнындағы және оның айналасындағы қоршаған ортаның жай-күйін сипаттау (базалық сценарий);

3) белгіленіп отырған қызметтің басталуынан бас тартқан жағдайда болуы мүмкін қоршаған ортаның мынадай шарттарға сәйкес келетін өзгерістерінің сипаттамасы:

белгіленіп отырған қызмет қамту саласын айқындау кезінде және ықтимал әсерлер туралы есепті дайындау кезінде анықталған қоршаған ортаны қорғаудың барлық объектілері мен антропогендік объектілердің жай-күйіндегі өзгерістерді қамту;

белгіленіп отырған және жүзеге асырылатын қызметтің барлық түрлерінің қозғалатын аумағына елеулі әсер ету нәтижесінде болуы мүмкін өзгерістерді қамту;

4) белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті объектілерді салу және пайдалану барысында жердің санаты және жерді пайдалану мақсаттары туралы ақпарат;

5) белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті объектілердің қуаты, көлемі (алып жатқан жердің ауданы, биіктігі), қоршаған ортаға әсер ететін басқа да физикалық және техникалық сипаттамаларын қоса алғанда, көрсеткіштері туралы ақпарат; өндірістік процесс туралы, оның ішінде кәсіпорынның күтілетін өнімділігі, оның энергияға, табиғи ресурстарға, шикізат пен материалдарға қажеттілігі туралы мәліметтер;

б) Кодекске сәйкес кешенді экологиялық рұқсаттың болуын талап ететін объектілер үшін - қолданылуы жоспарланып отырған ең озық қолжетімді технологиялардың сипаттамасы;

7) егер бұл жұмыстар белгіленіп отырған қызметті іске асыру мақсаттары үшін қажет болса, бұрыннан бар үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды,

## ПРОЕКТ

жабдықтарды және оларды орындау тәсілдерін кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстардың сипаттамасын;

8) суға, атмосфералық ауаға, топыраққа, жер қойнауына әсер етуді, сондай-ақ дірілге, шуылға, электромагниттік, жылу және радиациялық әсерді қоса алғанда, қаралатын қызметті жүзеге асыру үшін объектілерді салуға және пайдалануға байланысты қоршаған ортаға күтілетін түрлер, сипаттамалар және эмиссиялар саны, қоршаған ортаға өзге де зиянды антропогендік әсерлер туралы ақпаратты;

9) белгіленіп отырған қызмет шеңберінде объектілерді салу және пайдалану барысында түзілетін қалдықтардың, оның ішінде бұрыннан бар үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды, жабдықтарды кейіннен кәдеге жаратуды жүзеге асыру нәтижесінде түзілетін қалдықтардың күтілетін түрлері, сипаттамалары мен саны туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

2. Халықтың санын, олардың сипаттамалары мен қоршаған ортаға көшіру қабілетін ескере отырып, белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға шығарындылар, төгінділер және өзге де теріс әсерлері анықталуы мүмкін учаскелерді көрсете отырып, қозғалатын аумақтың сипаттамасы; табиғи ресурстарды алу және қалдықтарды көму учаскелері;

3. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы қолдану үшін таңдаған нұсқаны қоса алғанда, оның ерекшеліктері мен қоршаған ортаға ықтимал әсерін ескере отырып, көзделіп отырған қызметті жүзеге асырудың ықтимал нұсқаларын сипаттау, оны таңдауды негіздеу, басқа да ықтимал ұтымды нұсқаларды, оның ішінде адамдардың өмірін және (немесе) денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан неғұрлым қолайлы ұтымды нұсқаны сипаттау.

4. Жоспарланған қызметті жүзеге асыру нұсқаларына мыналар жатады:

1) Қызметті немесе оның жекелеген кезеңдерін (объектіні салуды, пайдалануды, объектіні кейіннен кәдеге жаратуды, жекелеген жұмыстарды орындауды бастау немесе жүзеге асыру) жүзеге асырудың әртүрлі мерзімдері);

2) бір мақсатқа жету үшін орындалатын әр түрлі жұмыс түрлері;

3) жұмыстардың әртүрлі реттілігі;

4) бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әртүрлі технологиялар, машиналар, жабдықтар, материалдар;

5) объектіні жоспарлаудың әртүрлі тәсілдері (жер учаскесінде ғимараттар мен құрылыстарды, нақты жұмыстарды орындау орындарын орналастыруды қоса алғанда );

6) объектіні пайдаланудың әртүрлі шарттары (қоршаған ортаға теріс антропогендік әсер етуге әкеп соғатын жұмыстарды орындау кестелерін қоса алғанда);

7) объектіге қол жеткізудің әртүрлі шарттары (объектіге қол жеткізу үшін пайдаланылатын көлік түрлерін қоса алғанда);

## ПРОЕКТ

8) қоршаған ортаға антропогендік әсердің сипаты мен ауқымына әсер ететін, белгіленіп отырған қызметтің өзге де сипаттамаларына жататын әртүрлі нұсқалар қамтылуға тиіс.

5. Белгіленіп отырған қызметті жүзеге асырудың ықтимал ұтымды нұсқасы деп келесі шарттар бірге сақталатын жоспарланған қызметті жүзеге асыру нұсқасы түсініледі:

1) осы нұсқаны қолданудың мүмкін болмауына әкеп соғатын, оның ішінде белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру орнының сипаттамасынан және оны жүзеге асырудың басқа да жағдайларынан туындаған мән-жайлардың болмауы;

2) белгіленіп отырған қызмет осы нұсқа бойынша жүзеге асырылған жағдайда оның барлық кезеңдерінің Қазақстан Республикасының, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес келуі;

3) белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті объектінің мақсаттары мен нақты сипаттамаларына сәйкес келуі;

4) осы нұсқа бойынша белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыруға жұмсалатын шығындардың ақылға қонымды деңгейі;

5) осы нұсқа бойынша белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстардың қолжетімділігі;

6) осы нұсқа бойынша белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде қозғалатын аумақ халқының құқықтары мен заңды мүдделерінің ықтимал бұзылуының болмауы.

6. Белгіленіп отырған қызметтің елеулі әсеріне ұшырауы мүмкін табиғи ортаның компоненттері мен өзге де объектілер туралы ақпарат:

1) адамдардың өмірі және (немесе) денсаулығы, олардың өмір сүру және қызмет ету жағдайлары;

2) биоалуантүрлілік (оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, генетикалық ресурстар, өсімдіктер мен жабайы жануарлардың табиғи ареалдары, жабайы жануарлардың өріс аудару жолдары, экожүйелер);

3) жер (оның ішінде жерді алып қою), топырақ (оның ішінде органикалық құрамды, эрозияны, тығыздалуды, жұтаңданудың өзге де нысандарын қоса алғанда );

4) су (оның ішінде гидроморфологиялық өзгерістер, судың мөлшері мен сапасы);

5) атмосфералық ауаны (оның ішінде оның сапасының экологиялық нормативтерін, сапаның нысаналы көрсеткіштерін бұзу тәуекелдері, ал олар болмаған кезде – оған әсер етудің шамамен алынған қауіпсіз деңгейлері) қамтуға тиіс);

6) климаттың өзгеруіне экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жүйелердің тұрақтылығы;

7) материалдық активтер, тарихи-мәдени мұра объектілері (оның ішінде сәулет және археологиялық), ландшафттар;

8) көрсетілген объектілердің өзара іс-қимылы.

## ПРОЕКТ

7. Осы қосымшаның 6-тармағында санамаланған объектілерге көзделіп отырған қызметтің нәтижесінде туындайтын ықтимал елеулі әсерлерінің (тікелей және жанама, кумулятивтік, трансшекаралық, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді, оң және теріс) сипаттамасы:

1) белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыруға арналған объектілерді салу және пайдалану, оның ішінде бұрыннан бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайларда, оларды салу және пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

2) табиғи және генетикалық ресурстарды (оның ішінде жерді, жер қойнауын, топырақты, суды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін – осы ресурстардың болуына және олардың орналасқан жеріне, жабайы жануарлардың өріс аудару жолдарына, жаңартылмайтын, тапшы және бірегей табиғи ресурстарды пайдалану қажеттігіне қарай) пайдалану қағидаттарына негізделеді.

8. Эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштерін, қоршаған ортаға физикалық әсердің негіздемесі.

9. Қалдықтардың түрлері бойынша жинақталуының шекті мөлшерінің негіздемесі.

10. Егер мұндай көму белгіленіп отырған қызмет шеңберінде көзделген болса қалдықтарды олардың түрлері бойынша көмудің шекті көлемдерінің негіздемесі.

11. Белгіленіп отырған қызметке және оны жүзеге асырудың болжамды орнына тиісінше тән авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау ықтималдығын айқындау туралы ақпарат, оларды болғызбау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу мүмкіндігін ескере отырып, авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау тәуекелдерімен байланысты қоршаған ортаға ықтимал елеулі зиянды әсерлердің сипаттамасы:

1) белгіленіп отырған қызмет барысында авариялар мен инциденттердің ауытқу ықтималдығы;

2) белгіленіп отырған қызметті жүзеге асырудың болжамды орнында және оның айналасында дүлей зілзалалардың туындау ықтималдығы;

3) белгіленіп отырған қызметті жүзеге асырудың болжамды орнында және оның айналасында авариялар, оқыс оқиғалар, табиғи дүлей зілзалалар нәтижесінде қолайсыз салдарлардың туындау ықтималдығы;

4) инцидент, авария, табиғи құбылыс нәтижесінде туындауы мүмкін барлық қолайсыз салдарлар;

5) қолайсыз салдарлардың болжамды ауқымы;

6) халықты құлақтандыруды және олардың сенімділігін бағалауды қоса алғанда, оқыс оқиғалардың, авариялардың, табиғи дүлей зілзалалардың салдарларын болғызбау жөніндегі шараларды қамтиды;

## ПРОЕКТ

7) инциденттердің, авариялардың, табиғи дүлей зілзалалардың зардаптарын жою, қоршаған орта, адам өмірі, денсаулығы және қызметі үшін одан әрі теріс салдарларды болғызбау және барынша азайту жоспарлары;

8) авариялар инциденттерінің, олардың салдарларының, сондай-ақ көзделіп отырған қызметтің табиғи дүлей құбылыстармен өзара іс-қимыл жасау салдарларының профилактикасын, мониторингін және бұрын алдын алуды қамтиды.

12. Объектіні салу және пайдалану кезеңдері үшін көзделген, белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға анықталған елеулі әсерлерін, оның ішінде қалдықтарды басқару жөніндегі ұсынылатын іс-шараларды болдырмау, қысқарту, жұмсарту жөніндегі шаралардың сипаттамасы, сондай-ақ ықтимал елеулі әсерлерді бағалауда белгісіздік болған кезде - әсер ету мониторингі бойынша ұсынылатын шаралар (ықтимал әсерлер туралы есепте келтірілген ақпаратпен салыстырғанда, белгіленіп отырған қызметті іске асырғаннан кейінгі нақты әсерлерге жобадан кейінгі талдау жүргізу қажеттілігін қоса алғанда).

13. Кодекстің 240 және 241-баптарына сәйкес биоәртүрлілікті жоғалтуды сақтау және оның орнын толтыру жөніндегі мәліметтер:

1) жүргізілген зерттеулер негізінде биоәртүрлілікке көзделіп отырған қызметтің теріс әсері туралы;

2) биоалуантүрлілікке теріс әсерлерді болдырмау, азайту, осындай әсерлердің салдарын жұмсарту жөніндегі іс-шаралар туралы;

3) биоәртүрліліктің жоғалуына бағалау жүргізу туралы;

4) биоәртүрлілікті жоғалту қаупі анықталған жағдайда өтемақы бойынша іс-шаралар туралы.

14. Қоршаған ортаға мүмкін болатын қайтымсыз әсерлерді бағалау және осындай әсер етуге әкеп соғатын операцияларды орындау қажеттілігін негіздеу, оның ішінде экологиялық, мәдени, экономикалық және әлеуметтік мәнмәтіндерде қайтымсыз әсер етуден болатын шығындарды және осы шығындарға әкеп соғатын операциялардан түсетін пайданы салыстырмалы талдау.

15. Жобадан кейінгі талдаудың мақсаттары, ауқымы мен мерзімдері, оның мазмұнына қойылатын талаптар, жобадан кейінгі талдау туралы есептерді уәкілетті органға және қажет болған жағдайда басқа да мемлекеттік органдарға ұсыну мерзімдері (мүмкін болатын әсерлер туралы есепте жобадан кейінгі талдау жүргізу қажеттігі анықталған жағдайларда).

16. Белгіленіп отырған қызметті жүзеге асырудың бастапқы кезеңінде айқындалған, оны тоқтату жағдайларына қоршаған ортаны қалпына келтіру тәсілдері мен шаралары.

17. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын айқындау туралы қорытындыда көрсетілген өзге де талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың сипаттамасы.



## ПРОЕКТ

18. Зерттеу әдіснамасының сипаттамасы және ықтимал әсерлер туралы есепті жасау кезінде пайдаланылған экологиялық ақпарат көздері туралы мәліметтер.

19. Зерттеу жүргізу кезінде туындаған және техникалық мүмкіндіктердің жоқтығымен және қазіргі ғылыми білімнің жеткіліксіз деңгейімен байланысты қиындықтарды сипаттау.

20. Қоршаған ортаға әсерді бағалауға оның қатысуына байланысты мүдделі жұртшылықты хабардар ету мақсатында осы қосымшаның 1 – 17-тармақтарында көрсетілген ақпаратты жинақтай отырып, қысқаша техникалық емес түйіндеме.

21. Қысқаша техникалық емес түйіндеме мыналарды қамтиды:

1) көзделіп отырған қызметті жүзеге асырудың болжамды орнының сипаттамасы, оның шекаралары бейнеленген жоспар;

2) халқының санын, көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға шығарындылар, төгінділер және өзге де теріс әсерлері анықталуы мүмкін учаскелерді, олардың сипаттамалары мен қоршаған ортаға көшіру қабілетін ескере отырып, қозғалатын аумақтың сипаттамасын; табиғи ресурстарды алу және қалдықтарды көму учаскелерін көрсете отырып, оларды сипаттау;

3) белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы туралы мәліметтер, оның байланыс деректері;

4) белгіленіп отырған қызметтің қысқаша сипаттамасы:  
қызмет түрі;

оны жүзеге асыру үшін қажетті объект, оның қуаты, габариттері (алып жатқан жердің ауданы, биіктігі), өнімділігі, қоршаған ортаға әсер етуге әсер ететін басқа да физикалық және техникалық сипаттамалары;

өндірістік процесс туралы, оның ішінде кәсіпорынның күтілетін өнімділігі, оның энергияға, табиғи ресурстарға, шикізат пен материалдарға қажеттілігі туралы мәліметтер;

белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жер учаскесінің шамамен алынған алаңы;

жоспарланған қызметті жүзеге асырудың мүмкін болатын ұтымды нұсқаларының қысқаша сипаттамасы және таңдалған нұсқаның негіздемесі;

5) мынадай табиғи құрауыштарға және өзге де объектілерге әсерді қоса алғанда, белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға елеулі әсерінің қысқаша сипаттамасы:

адамдардың өмірі және (немесе) денсаулығы, олардың өмір сүру және қызмет ету жағдайлары;

биоәртүрлілік (оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлемі, генетикалық ресурстар, өсімдіктер мен жабайы жануарлардың табиғи ареалдары, жабайы жануарлардың қоныс аудару жолдары, экожүйелер);

жер (оның ішінде жерді алып қою), топырақ (оның ішінде органикалық құрамды, эрозияны, тығыздалуды, тозудың өзге де нысандарын қоса алғанда);

## ПРОЕКТ

су (оның ішінде гидроморфологиялық өзгерістер, судың мөлшері мен сапасы);

атмосфералық ауа;

климаттың өзгеруіне экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жүйелердің тұрақтылығы;

материалдық активтер, тарихи-мәдени мұра объектілері (оның ішінде сәулет және археологиялық), ландшафттар;

б) эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштері, қоршаған ортаға физикалық әсер етулер, қалдықтардың жинақталуының шекті саны, сондай-ақ егер ол белгіленген қызмет шеңберінде жоспарланса, оларды көму туралы ақпарат.

7) Ақпарат:

белгіленіп отырған қызметке және оны жүзеге асырудың болжамды орнына тиісінше тән авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау ықтималдығы туралы;

авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау тәуекелдерімен байланысты қоршаған ортаға ықтимал елеулі зиянды әсерлер туралы;

халықты хабардар етуді қоса алғанда, авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстарды болғызбау және олардың зардаптарын жою жөніндегі шаралар туралы;

8) қысқаша сипаттамасы:

белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға анықталған елеулі әсерін болғызбау, қысқарту, жұмсарту жөніндегі шаралар;

егер белгіленіп отырған қызмет осындай шығындарға әкеп соғуы мүмкін болса, биоәртүрліліктің ысырабын өтеу жөніндегі шаралар;

белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал қайтымсыз әсерлері және бастамашының осындай әсерлерге әкеп соғатын операцияларды орындау туралы шешім қабылдаған себептері;

белгіленіп отырған қызмет тоқтатылған жағдайларда қоршаған ортаны қалпына келтіру тәсілдері мен шаралары;

9) қоршаған ортаға әсерді бағалауды орындау барысында алынған ақпарат көздерінің тізімі.

22. Бастамашының шешімі бойынша қысқаша техникалық емес түйіндемеге қоғамның белгіленіп отырған қызметтің оның құқықтары мен заңды мүдделеріне әсерін толық және дәл түсінуіне ықпал ететін көзделіп отырған қызмет туралы өзге де ақпарат қосымша енгізілуі мүмкін.

# ПРОЕКТ

## Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа 8-қосымша

Нысаны

### Сараптау комиссиясы отырысының хаттамасы

Отырысты өткізу күні

Отырысты өткізу орны

1. Сараптау комиссиясының құрамы (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, лауазымы):

1) Төраға:

\_\_\_\_\_

2) мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өкілі:

\_\_\_\_\_

4) аккредиттелген коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері кіреді: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы (заңды тұлғаның атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі):

\_\_\_\_\_

3. Ықтимал әсерлер туралы есеп жобасын құрастырушы (заңды тұлғаның атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі):

\_\_\_\_\_

4. Ықтимал әсерлер туралы есеп жобасын құрастырушының өкілі (тегі, аты, «кесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны, лауазымы):

\_\_\_\_\_

5. Тәуелсіз сарапшылар (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны және лауазымы):

\_\_\_\_\_

6. Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының және ықтимал әсерлер туралы есеп жасаушының баяндамасы (жазбаша нысанда дайындалған және отырыс кезінде жарияланған баяндамалар хаттамаға қоса беріледі): \_\_\_\_\_

## ПРОЕКТ

7. Сараптамалық комиссия мүшелерінің, белгіленіп отырған қызметтің бастамашысының, ықтимал әсерлер туралы есеп жасаушының ескертулері мен ұсыныстары, тәуелсіз сарапшылардың пікірлері (отырыс барысында жазбаша нысанда дайындалған және жарияланған тәуелсіз сарапшылардың пікірлері хаттамаға қоса беріледі):

8. Белгіленіп отырған қызметке және оның қоршаған ортаға ықтимал әсеріне байланысты даулы мәселелер бойынша сараптама комиссиясы мүшелерінің дауыс беру нәтижелері және ықтимал әсерлер туралы есептің жобасын пысықтау қажеттігі туралы:

№	Даулы мәселе және есептерді пысықтау қажеттілігі	Дауыс беру нәтижелері:		
		«жақтап»	«қарсы»	«қалыс қалды»
1.				

Ескерту. «Жақтап» және «қарсы» дауыстар тең болған жағдайда төрағаның пікірі шешуші болып табылады.

9. Ерекше пікірлер: \_\_\_\_\_

10. Әр мәселе бойынша қорытынды шешім: \_\_\_\_\_

Төраға (тегі, аты-жөні, қолы):

Комиссия мүшелері (тегі, аты-жөні, қолы):

Қосымшалар: \_\_\_\_\_

# ПРОЕКТ

## Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа 9-қосымша

Нысаны

Уәкілетті органның атауы

### Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды

1. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы туралы мәліметтер:  
жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жерінің мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі, телефоны, электрондық поштасының мекенжайы;

заңды тұлға үшін: атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, бірінші басшы туралы деректер, телефоны, электрондық поштасының мекенжайы.

2. Белгіленіп отырған қызмет шеңберінде көзделген операциялар түрлерінің сипаттамасы және оларды Кодекстің 1-қосымшасына сәйкес жіктеу.

3. Қызмет түрлеріне елеулі өзгерістер енгізілген жағдайларда:

бұрын қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізілген объектілердің қызмет түрлеріне және (немесе) қызметіне елеулі өзгерістердің сипаттамасы (Кодекстің 65-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы);

өздеріне қатысты бұрын белгіленіп отырған қызметтің әсер ету скринингінің нәтижелері туралы қорытынды берілген объектілердің қызмет түрлеріне және (немесе) қызметіне қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізу қажеттілігінің жоқтығы туралы қорытындымен елеулі өзгерістердің сипаттамасы (Кодекстің 65-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы).

4. Қоршаған ортаға әсерді бағалау барысында дайындалған құжаттар туралы мәліметтер:

белгіленіп отырған қызметтің әсерін скринингтеу нәтижелері туралы қорытынды, оның күні мен нөмірі;

қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі есептің қамту саласын айқындау туралы қорытынды, оның күні мен нөмірі;

ықтимал әсерлер туралы есеп, оның атауы, оны белгіленіп отырған қызмет бастамашысының бекіткен күні мен нөмірі;

қоғамдық тыңдаулар хаттамасы, оның күні мен нөмірі;

қайта өткізілген қоғамдық тыңдаулар хаттамасы (олар өткізілген жағдайда), оның күні мен нөмірі;

сараптау комиссиясы отырысының хаттамасы, оның күні мен нөмірі.

## ПРОЕКТ

5. Белгіленіп отырған қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлер туралы қорытынды, осындай әсерлердің сипаты, сондай-ақ табиғи ортаның компоненттері және осындай әсерлерге ұшырауы мүмкін өзге де объектілер туралы мәліметтер.

6. Белгіленіп отырған қызметті іске асыру жол берілетін болып танылатын жағдайлар:

1) объектілерді жобалау, салу, реконструкциялау, пайдалану, кейіннен кәдеге жарату және белгіленіп отырған қызметті іске асыру кезіндегі салдарларды жою кезеңдерін қоса алғанда, көзделіп отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаны, адамдардың өмірін және (немесе) денсаулығын қорғаудың бастамашысы үшін сақталуы міндетті болып табылатын шарттары;

2) Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген шарттардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған қажетті шаралар туралы ақпарат көзделетін қызметке байланысты шешімдер қабылдау кезінде уәкілетті мемлекеттік органдар ескеруге тиіс;

3) эмиссиялардың, табиғи ортаға физикалық әсердің шекті сандық және сапалық көрсеткіштері;

4) қалдықтардың түрлері бойынша жинақталуының шекті мөлшері;

5) егер белгіленген қызметті іске асыру шеңберінде көму көзделсе, қалдықтарды олардың түрлері бойынша көмудің шекті саны;

6) ықтимал әсерлер туралы есепте жобадан кейінгі талдау жүргізу қажеттігі анықталған жағдайда: оны жүргізудің мақсаттары, ауқымы мен мерзімдері, оның мазмұнына қойылатын талаптар, жобадан кейінгі талдау туралы есептерді уәкілетті органға және қажет болған кезде басқа да мемлекеттік органдарға ұсыну мерзімдері;

7) авариялардың алдын алуға, олардың зардаптарын шектеуге және жоюға бағытталған шарттар мен қажетті шаралар көзделуге тиіс;

8) бастамашының белгіленіп отырған қызметті іске асыру кезінде, биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді болғызбау, қысқарту және (немесе) жеңілдету, сондай-ақ, егер белгіленіп отырған қызметті іске асыру осындай нұқсанға әкеп соғуы мүмкін болса, ықтимал экологиялық залалды жою жөніндегі міндеттері;

9) трансшекаралық әсерлерді бағалау нәтижелері туралы ақпарат (оны жүргізген жағдайда).

7. Осы қорытындыда көрсетілген шарттар сақталған кезде көзделген қызметті іске асыруға жол берілетіндігі туралы қорытынды.

Ескерту. Осы Кодекстің 241-бабының 3-тармағында көзделген негіздер анықталған жағдайда, қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыға белгіленіп отырған қызметке жол бермеу туралы дәлелді шешім енгізіледі. Мұндай жағдайда осы нысанның 6 және 7-тармақтары толтырылмайды.

## ПРОЕКТ

Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша  
№ \_\_\_\_\_ қорытындыға қосымша \_\_\_\_\_

1. Қорытынды шығаруға негіз болған негізгі дәлелдер мен тұжырымдар.

2. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат:

1) уәкілетті органның ресми интернет-ресурстарында ықтимал әсерлер туралы есептің жобасын орналастыру және қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру күні);

2) жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет-ресурстарына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасын орналастыру күні;

3) қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру жарияланған газеттің (газеттердің) атауы, газеттің шыққан күні және оның нөмірі;

4) теле - немесе радиоарна (арналар) арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды тарату күні (күні) );

5) белгіленіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы жұртшылық қосымша ақпарат ала алатын, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрата алатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі;

6) ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына жұртшылық өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша немесе электрондық нысанда жібере алатын уәкілетті органның немесе оның құрылымдық бөлімшелерінің электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы;

7) қоғамдық тыңдауларды өткізу процесі туралы мәліметтер: оларды өткізу күні мен орнының мекенжайы, қоғамдық тыңдаулардың бейнежазбасының болуы туралы мәліметтер, оның ұзақтығы;

8) мүмкін болатын әсерлер туралы есеп жобасына жұртшылықтың барлық ескертулері мен ұсыныстары, оның ішінде қоғамдық тыңдаулар барысында алынғандар және оларды қарау нәтижесінде алынған қорытындылар.

3. Мүдделі мемлекеттік органдармен консультациялар, қоғамдық тыңдаулар өткізу, трансшекаралық әсерлерді бағалау (ол өткізілген жағдайда), қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды шығару кезінде көрсетілген ақпарат қалай ескерілгені туралы түсіндіре отырып, сараптама комиссиясының ықтимал әсерлер туралы есептің жобасын қарауы нәтижесінде алынған ақпаратты қорыту.

# ПРОЕКТ

## Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа 10-қосымша

### Белгіленіп отырған қызметтің жобалау құжаттамасының құрамындағы «қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің мазмұны

1. Атмосфералық ауаның жай-күйіне әсерді бағалау:

1) белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау үшін қажетті Климаттық жағдайлардың сипаттамасы;

2) ауа ортасының қазіргі жай-күйінің сипаттамасы (атмосфералық ауада шығарылатын ластаушы заттардың экологиялық сапа нормативтерімен немесе атмосфералық ауа сапасының нысаналы көрсеткіштерімен салыстырғанда олардың нақты шоғырлануын, ал олар бекітілгенге дейін-заттай өлшеулердің қолда бар материалдары бойынша гигиеналық нормативтерді көрсете отырып тізбесі);

3) есептік химиялық ластану көздері мен масштабтары: жобада көзделген жабдықты барынша жүктеу кезінде, сондай-ақ ықтимал дүркін және авариялық шығарындылар кезінде. Атмосфералық ауаның күтілетін ластануының есептеулері қолданыстағы, салынып жатқан және салынуы белгіленген кәсіпорындар (объектілер) мен қолданыстағы фондық ластануды ескере отырып жүргізіледі;

4) қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды енгізу, сондай-ақ атмосфералық ауа сапасының экологиялық нормативтерін немесе оның сапасының нысаналы көрсеткіштерін, ал олар бекітілгенге дейін-гигиеналық нормативтерді белгіленіп отырған қызметтің әсері саласында сақтауды қамтамасыз ететін, алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибеге сәйкес деңгейде атмосфералық ауаға шығарындыларды болдырмау (азайту) жөніндегі арнайы іс-шаралар болып табылады;

5) «Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 22317 нөмірімен тіркелген) сәйкес I және II санаттағы объектілер үшін ластаушы заттар шығарындыларының жол берілетін нормативтерін айқындау жатады);

6) III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны толтыру мақсатында жүргізілген атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының мөлшерін есептеу;



## ПРОЕКТ

7) ластану салдарын бағалау және теріс әсерді төмендету жөніндегі іс-шаралар;

8) атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар қамтылады;

9) атмосфералық ауа сапасының экологиялық нормативтерінің немесе оның сапасының нысаналы көрсеткіштерінің сақталуын, ал олар бекітілгенге дейін – гигиеналық нормативтердің сақталуын қамтамасыз ететін ерекше қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңінде шығарындыларды реттеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

2. Судың жай-күйіне әсерді бағалау:

1) құрылыс және пайдалану кезеңінде белгіленіп отырған қызмет үшін су ресурстарына қажеттілік, пайдаланылатын судың сапасына қойылатын талаптар;

2) сумен жабдықтау көзінің сипаттамасы, оны шаруашылықта пайдалану, су жинағыштың орналасқан жері, оның сипаттамасы;

3) су тұтыну және су бұру жүйесінің экологиялық тиімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде алынатын таза судың жыл сайынғы көлемінің серпінін міндетті түрде көрсете отырып, объектінің су балансы;

4) жер үсті сулары:

аумақтың гидрографиялық сипаттамасы;

белгіленіп отырған қызметке ықтимал әсер ететін су объектілерінің сипаттамасы (барынша жақын бақылау тұстамаларының деректерін пайдалана отырып);

гидрологиялық, гидрохимиялық, мұздық, термикалық, су ағынының жылдамдық режимдері, тасу режимдері, қауіпті құбылыстар - тасқын су басулар, кептелістер, шуганың болуы, қуғындау құбылыстары;

ағынды қосымша реттеусіз, табиғи режимде жер үсті көзінен судың нормативтік негізделген мөлшерін алу мүмкіндігін бағалау;

ауыз сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру қажеттілігі мен тәртібі;

ағызылатын сарқынды сулардың саны мен сипаттамасы (ағызу орнын, шығарудың конструктивтік ерекшеліктерін, ластаушы заттардың тізбесін және олардың шоғырлануын көрсете отырып);

айналым жүйелерін енгізу, сарқынды суларды қайта пайдалану мүмкіндігін барынша негіздеу, тазарту құрылыстарының тұнбаларын кәдеге жарату тәсілдері;

құрамына кіруі тиіс шекті жол берілетін төгінділердің нормативтеріне қол жеткізу жөніндегі ұсыныстар:

су айдынының ықтимал термиялық ластануын және экожүйеге су алу әсерінің салдарын қоса алғанда, көзделіп отырған объектінің оны салу және пайдалану процесінде су ортасына әсерін бағалау;

құрылыстарды, көпірлерді, су бөгеттерін салуға байланысты арна процестерінің өзгеруін бағалау және жағымсыз салдарларды анықтау;

## ПРОЕКТ

су қорғау іс-шаралары, олардың тиімділігі, құны және іске асыру кезектілігі;

жер үсті суларының экологиялық мониторингін ұйымдастыру;

5) жерасты сулары:

ауданды сипаттаудың гидрогеологиялық параметрлері, барланған жер асты сулары кен орындарының болуы және сипаттамасы;

пайдаланылатын су тұтқыш жиектің қазіргі жай-күйінің сипаттамасы (химиялық құрамы, пайдалану қорлары, қорғалуы), оны қауіпсіз пайдалану үшін жағдайларды қамтамасыз ету, су тартқыштарды санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру қажеттілігі;

құрылыс және пайдалану кезеңінде объектінің жер асты суларының сапасына әсерін бағалау, олардың ластану ықтималдығы;

жер асты суларының ықтимал ластануы мен сарқылуының салдарларын талдау;

жер асты суларын ластанудан және сарқылудан қорғау жөніндегі іс-шаралардың негіздемесі;

жерасты суларының экологиялық мониторингі бағдарламасы;

б) «Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 22317 нөмірімен тіркелген) сәйкес I және II санаттағы объектілер үшін ластаушы заттардың жол берілетін төгінділерінің нормативтерін айқындау жатады.

3. Жер қойнауына әсерді бағалау:

1) белгіленіп отырған объектінің әсер ету аймағында минералдық және шикізат ресурстарының болуы (қорлар мен сапа);

2) құрылыс және пайдалану кезеңінде объектінің минералдық және шикізат ресурстарына қажеттілігі (түрлері, көлемдері, алу көздері);

3) минералдық және шикізат ресурстарын өндірудің қоршаған ортаның әртүрлі компоненттеріне және табиғи ресурстарға әсерін болжау;

4) су режимін реттеу және бұзылған аумақтарды пайдалану жөніндегі табиғат қорғау іс-шараларының негіздемесі қамтылуға тиіс;

5) жер қойнауын пайдалану, пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде мынадай материалдар ұсынылуға тиіс:

пайдаланылатын кен орындарының сипаттамасы (пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия бекіткен пайдалы қазбалар қорлары, олардың геологиялық ерекшеліктері және басқалары);

зиянды компоненттерді алу және сату мүмкіндігін растайтын материалдар, ал неғұрлым уыттылар үшін-оларды көму тәсілі;

пайдалы қазбалар мен аршылған жыныстардың радиациялық сипаттамасы (әсіресе рекультивациялау үшін және құрылыс материалдарын өндіруде пайдаланылатын);

## ПРОЕКТ

белгіленіп отырған құрылыс объектілерін пайдалану процесінде тау жыныстары мен жерасты суларының жай-күйін зерделеу, бақылау және бағалау үшін ұңғымалардың режимдік желісінің құрамы мен орналасуы жөніндегі ұсынымдар;

көршілес учаскелерде және оларды өндіру ауданында (суландыру, ауа-райының, тотығудың, тұтанудың және т. б. нәтижесінде) жер асты қазбалары қорларының төмендеуін болдырмайтын жер қойнауынан пайдалы қазбаларды барынша ықтимал алу жөніндегі ұсыныстар);

мамандандырылған ғылыми-зерттеу ұйымының қорытындысын ұсына отырып, өндірістің зиянды заттары мен қалдықтарын жер қойнауына көму мүмкіндігін бағалау.

4. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін бағалау:

1) қалдықтардың пайда болу түрлері мен көлемдері;

2) аумақты өндіріс және тұтыну қалдықтарымен лақтау ерекшеліктері (қалдықтардың қауіпті қасиеттері және физикалық жай-күйі);

3) қалдықтарды басқару: жинақтау, жинау, тасымалдау, қалпына келтіру (қалдықтарды қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға дайындау) немесе жою (көму, жою), сондай-ақ қосалқы операциялар: сұрыптау, өңдеу, залалсыздандыру) жөніндегі ұсынымдар; көрсетілген операцияларды орындау жөніндегі технологиялар;

4) қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияға енгізілуге жататын, пайда болатын, жинақталатын және қалдықтарды басқару жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға берілетін өндіріс және тұтыну қалдықтарының түрлері мен саны көрсетіледі.

5. Қоршаған ортаға физикалық әсерді бағалау: 1) ықтимал жылу, электромагниттік, шу, әсер ету және басқа да әсер ету түрлерін, сондай-ақ олардың салдарын бағалау;

2) жұмыс ауданындағы радиациялық жағдайдың сипаттамасы, радиациялық ластанудың табиғи және техногендік көздерін анықтау.

6. Жер ресурстары мен топыраққа әсерді бағалау:

1) жер пайдаланудың жай-күйі мен шарттары, меншік түріне сәйкес объектіні және іргелес шаруашылықтарды орналастыру үшін белгіленетін аумақтың жер балансы, жерге орналастыруда ұсынылатын өзгерістер, ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабын және жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың объектіні құру және пайдалану кезінде өтелуге жататын залалдарын есептеу;

2) жоспарланатын объектінің әсер ету аймағындағы топырақ жамылғысының қазіргі жай-күйінің сипаттамасы (бонитет балдары бар топырақ картасы, судың физикалық, химиялық қасиеттері, ластануы, бұзылуы, эрозиясы, дефляциясы, құнарлылығы және топырақтың механикалық құрамы);

3) топырақ жамылғысына күтілетін әсердің сипаттамасы (механикалық бұзылулар, химиялық ластану), геохимиялық процестердің өзгеруі нәтижесінде

## ПРОЕКТ

объектінің әсер ету аймағындағы топырақ пен топырақ қасиеттерінің өзгеруі, аумақтың бетін қайта жоспарлауға, табиғи процестердің жандануына, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануға байланысты рельефтің жаңа нысандарының құрылуы;

4) топырақтың құнарлы қабатын және аршу жыныстарын алу, тасымалдау және сақтау жөніндегі, тікелей қызмет қозғамайтын учаскелерде топырақ қабатын сақтау жөніндегі, бүлінген топырақ қабатын қалпына келтіру және аумақты бастапқы немесе өзге де пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі (техникалық және биологиялық қалпына келтіру) ықпал ету аймағындағы жоспарланатын іс-шаралар мен жобалық шешімдер қамтылуға тиіс);

5) топырақтың экологиялық мониторингін ұйымдастыру.

7. Өсімдіктерге әсерін бағалау:

1) объектінің әсер ету аймағындағы өсімдік жамылғысының қазіргі жай-күйі (геоботаникалық карта, флористикалық құрамы, функционалдық мәні, өсімдік қоғамдастықтарының өнімділігі, олардың табиғи серпіні, өрт қауіптілігі, дәрілік, сирек кездесетін, эндемикалық және Қызыл кітапқа енгізілген өсімдік түрлерінің болуы, жасыл екпелердің жай-күйі, өсімдіктердің ластануы және зақымдануы; өсімдіктерге қазіргі заманғы антропогендік әсердің әсерінен болатын сабақтастықтар);

2) өсімдіктердің жағдайына әсер ететін қоршаған орта факторларының сипаттамасы;

3) объектінің және ілеспе өндірістердің аумақтың өсімдік қоғамдастығына әсер ету сипаттамасы, оның ішінде өсімдіктердің тіршілік ету ортасына әсер ету; жоспарланған іс-әрекеттің әсер ету аймағында өсімдіктердің сирек кездесетін, эндемикалық түрлеріне қауіп;

3) өсімдік ресурстарын пайдалану көлемінің негіздемесі;

4) белгіленіп отырған қызметтің өсімдікке әсер ету аймағын айқындау;

5) жоспарланған қызметтің әсер ету аймағын анықтау;

6) өсімдік жамылғысындағы күтілетін өзгерістер (қауымдастықтардың түрлік құрамы, жай-күйі, өнімділігі, генотиптердің бейімділігін бағалау, шаруашылық және функционалдық маңызы, ластануы, зиянкестермен зақымдануы) және осы өзгерістердің халықтың өмірі мен денсаулығы үшін салдары;

7) өсімдіктер қауымдастығын сақтау, олардың жай-күйін жақсарту, флораны сақтау және өсімін молайту жөніндегі ұсынымдар, оның ішінде олардың тіршілік ету ортасын сақтау және жақсарту;

8) биоалуантүрлілікке теріс әсердің алдын алу, оны азайту, жұмсарту жөніндегі іс-шаралар, биоалуантүрліліктің жоғалуын бағалау және оларды өтеу жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ осы іс-шаралардың жүргізілуін және олардың тиімділігін мониторингтеу.

8. Жануарлар әлеміне әсерді бағалау:

1) су және жер үсті фаунасының бастапқы жағдайы;

## ПРОЕКТ

2) сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар түрлерінің болуы;

3) объектінің түрлік құрамына, фаунаның санына, оның гендік қорына, мекендеу ортасына әсер ету сипаттамасы, объектіні салу және пайдалану процесінде жануарлардың көбею жағдайлары, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындары, түрлердің бейімділігін бағалау;

4) табиғи қоғамдастықтар, мекендеу ортасы, көбею жағдайлары тұтастығының ықтимал бұзылуы, жануарлардың өріс аудару жолына және шоғырлану орындарына әсер етуі, объектінің әсер ету аймағында олардың түрлік сан алуандығын қысқартуы, осы өзгерістердің салдарын және қоршаған ортаға келтірілген залалды бағалау;

5) биоәртүрлілікке теріс әсер етуді болдырмау, оны азайту, жұмсарту, биоәртүрліліктің ысырабын бағалау жөніндегі іс-шаралар және оларды өтеу жөніндегі іс-шаралар;

5) биоалуантүрлілікке теріс әсердің алдын алу, оны азайту, жұмсарту жөніндегі іс-шаралар, биоалуантүрліліктің жоғалуын бағалау және оларды өтеу жөніндегі іс-шаралар, осы іс-шаралардың жүргізілуін және олардың тиімділігін мониторингтеу (шу деңгейінің, қоршаған ортаның ластануының, жағымсыз иістердің, жарықтың әсер етуінің, жануарларға басқа да теріс әсерлердің мониторингін қоса алғанда);

9. Ландшафттарға әсер етуді бағалау және теріс әсерлердің алдын алу, азайту, жұмсарту, ландшафттар бұзылған жағдайда оларды қалпына келтіру жөніндегі шаралар.

10. Әлеуметтік-экономикалық ортаға әсерді бағалау:

1) жергілікті халықтың қазіргі әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайлары, оның еңбек қызметінің сипаттамасы;

2) құрылыс, пайдалану және жою кезеңінде объектінің еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі, жергілікті халықтың қатысуы;

3) белгіленіп отырған объектінің өңірлік-аумақтық табиғат пайдалануға әсері;

4) объектінің жобалық шешімдерін іске асыру кезінде (объектіні пайдаланудың қалыпты жағдайларында және ықтимал авариялық жағдайларда) жергілікті халық өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеру болжамы);

5) белгіленген қызмет нәтижесінде аумақтың санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйі және оның өзгеру болжамы;

6) белгіленіп отырған шаруашылық қызмет процесінде әлеуметтік қатынастарды реттеу жөніндегі ұсыныстар қамтылуға тиіс.

11. Өңірде белгіленіп отырған қызметті іске асырудың экологиялық тәуекелін бағалау:

## ПРОЕКТ

1) табиғи кешендердің құндылығы (функционалдық мәні, ерекше қорғалатын объектілер), бөлінген кешендердің ( ландшафттардың) белгіленген қызметтің әсеріне тұрақтылығы;

2) объектіні пайдаланудың қалыпты (авариясыз) режимі кезінде қоршаған ортаға әсер ету салдарын кешенді бағалау болып табылады;

3) авариялық жағдайлардың ықтималдығы (объектінің техникалық деңгейін және қауіпті табиғи құбылыстардың болуын ескере отырып), бұл ретте авариялық жағдайлардың көздері, түрлері, олардың қайталануы, әсер ету аймағы айқындалады;

4) қоршаған ортаға және халыққа авариялық жағдайлар салдарларының болжамы (жылжымалы мүлікті және тарихи-мәдени мұраны қоса алғанда);

5) авариялық жағдайлардың алдын алу және олардың салдарларын жою жөніндегі ұсынымдарды қамтуға тиіс.